

ВАКР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕН ҰСЫНЫМДАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН МОНИТОРИНГТЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. Жалпы мәліметтер

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК-да 2025 жылы жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (ВАКР) қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізілді.

Мониторингтің мақсаты – ВАКР нәтижелері бойынша ұсынылған алдын алу шараларының орындалу деңгейін бағалау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою.

2. Мониторинг жүргізу тәртібі

Мониторинг барысында:

- ВАКР нәтижелері бойынша қабылданған ұсынымдар;
- бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары;
- ішкі нормативтік құжаттар;
- құрылымдық бөлімшелердің ақпараттары зерделенді.

Ұсынымдардың орындалуы нақты құжаттармен, есептермен және жауапты тұлғалардың түсіндірмелерімен расталды.

3. Ұсынымдардың орындалу барысы

3.1 Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет

ВАКР қорытындылары бойынша басқару процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету, лауазымдық міндеттерді нақтылау жөніндегі ұсынымдар толық көлемде орындалды. Лауазымдық нұсқаулықтар өзектендіріліп, жауапкершілік айқындалды.

Орындалу мәртебесі: орындалды.

3.2 Персоналды басқару

Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және босату рәсімдерінің заңдылығын сақтау, кадрлық шешімдер қабылдауда субъективтілікке жол бермеу бойынша ұсынымдар сақталған.

Мүдделер қақтығысын болдырмау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Орындалу мәртебесі: тұрақты негізде орындалуда.

3.3 Ішкі құжат айналымы

Ішкі құжат айналымын тіркеу және бақылау тетіктерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар орындалды.

Барлық кіріс және шығыс құжаттар белгіленген тәртіппен тіркеліп, уақытылы қаралады.

Орындалу мәртебесі: орындалды.

3.4 Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысын мониторингтеу және алдын алу жөніндегі ұсынымдар іске асырылды.

Жауапты тұлға бекітілген, тиісті саясат қолданыста.

Мониторинг барысында мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Орындалу мәртебесі: орындалды.

3.5 Мемлекеттік қызмет көрсету, рұқсат беру және бақылау функциялары

Мемлекеттік қызметтер көрсету, рұқсат беру және бақылау рәсімдерінің заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдар толық орындалған.

Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу, заңсыз талаптар қою немесе рәсімдерді бұзу фактілері тіркелмеген.

Орындалу мәртебесі: орындалды.

3.6 Қаржылық-шаруашылық қызмет

Бюджет және бюджеттен тыс қаражаттарды игеру мен мемлекеттік сатып алуларды ашық жүргізу жөніндегі ұсынымдар орындалды.

Электрондық төлем құралдарын пайдалану, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы сатып алу рәсімдерін жүргізу қамтамасыз етілген.

Орындалу мәртебесі: орындалды.

4. Мониторинг нәтижелері

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде:


- ВАКР қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың барлығы орындалған немесе тұрақты түрде орындалу үстінде;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар жойылған;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қайталануына жол берілмеген.
-

5. Қорытынды

ВАКР қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуын мониторингтеу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған қабылданған шаралардың тиімді екенін көрсетті.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі тұрақты негізде жұмыс істейді және қосымша тәуекелдер анықталған жағдайда жедел әрекет ету тетіктері қалыптасқан.

Комплаенс офицері



А.Әметбекова